

"Атырау қалалық перзентханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

"Атырау қалалық перзентханасы" ШЖҚ КМК-ның қызметкерлер арасында 2025 жыл 1-тоқсан аралығы бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мақсатында қызметкерлерге түсіндіру туралы жиналыс ХАТТАМАСЫ

Атырау қаласы

«31» наурыз 2025 жыл

Жиналысқа қатысқан қызметкерлер: тізім бойынша

Комиссия төрайымы: Директор С.Туребаев

Спикер: комплаенс- офицер: Бағытұлы Н.

Хатшысы: А.Әтепбергенова

Қатысқандар: Кәсіпорын қызметкерлері

Күн тәртібінде

Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сай, сыйбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтардын алдын алу, болдырмау, заңнама талаптарын сақтау мақсатында түсіндірме жиындар өткізу.

Жиналыс төрайымы Туребаев Серикбек Орынбасарович сөз бастады:

Құрметті әріптестер! Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңы барын барлықтарының білесіздер. Біздің мекемемізде арнайы комплаенс офицер қызмет етеді. Комплаенс офицердің мақсаты сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою.

Жалпы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы Заңның мақсаты - азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыйбайлас жемқорлық көріністерінен туындастырын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардалтарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметтің қамтамасыз етуге бағытталған және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындаған, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылдың негізгі қағидаттары ол қызметті жузеге асыру кезінде кез келген нысанда және көріністерде сыйбайлас жемқорлықты толық қабылдамау

қағидаты. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем тозбеушілік қағидаты лауазымды адамдар және олар үшін тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді.

Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер КР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелері туралы хабардар етіледі және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын қолдау керек. Әр қызметкер КР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтау керек.

Комплаенс офицер Бағытұлы Н:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі іс шаралар жоспары жұмыс түрлерін, оларды орындау мерзімдерін және жауапты тұлғаларды айқындауды көздейді. Қажет болған жағдайда уәкілетті адам жұмыс тобының мүшелері салалық заңнаманы қолдану практикасын зерделеу және ұйымдастыру –басқару қызметінің функцияларын іске асыру үшін талдау объектілері бөлімшелерінің орналасқан жерлеріне бара алады.

Лауазымды адамдар мен қызметкерлер, мұдделер қақтығысына байланысты тәуекелдердің іске асырылуын болдырмау және оларды реттеу бойынша шаралар қабылдау керек. Өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде ұйым мұдделерін басшылыққа алу және олардың жеке мұдделері қоғам мұдделеріне қайшы келетін жағдайлардан немесе мән-жайлардан аулақ болу. Егерде мұдделер қақтығысы туындаған жағдайда осы ақпаратты тікелей басшысына не жоғары тұрған басшылығына жазбаша нысанда жеткізу керек. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпаратқа ие адам өзі қызметкері болып табылатын мемлекеттік органның не ұйымның басшылығына не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға хабар береді. Қызметкерлер өзге қызметкер, сондай-ақ үшінші тұлға сыбайлас жемқорлық іс әрекет жасауға итермелей фактілері туындаған жағдайда және /немесе қызметкерді сыбайлас жемқорлық іс әрекет жасауға көндіруге қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы ақпараты бар болса, маған сыбайлас жемқорлыққа қарсы конплаенс офицеріне дереу хабардар етуге міндетті еkenін айтты. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған лауазымды адамдары мен қызметкерлері, заңды күшіне енген КР соты шешімінсіз, келтірілген материалдық залалды өтеуден босатылмайды, деп түсіндірді.

Мемлекеттік органның, ұйымның басшылығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарлама бойынша заңға сәйкес шаралар қолдануға міндетті еkenін айтып көрсетті.

Сұрақтар туындаған жоқ.

Жоғарыдағылардың негізінде Жалпы жиналыс жабық деп жарияланды.

Комплаенс-офицер:

Бағытұлы Н

Кәсіпорын директоры:

С.Туребаев